

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 235 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 шілдеде № 9057-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы З-тармағы 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) бүйрығына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 желтоқсандағы № 313 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5424 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

Г. Акулов


Шемонаиха ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 17 шілдедегі

№ 235 қаулысына

1 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "Ю.А. Гагарин атындағы № 3 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:

- маршрут бағыты;
- жол;
- елді мекен;



Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «Ю.А. Гагарин атындағы № 3 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі


*L – қашықтық

каулысына 2 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Ыбырай Алтынсарин атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы

Белый Камень ауылы





Кысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:

- маршрут бағыты;
- жол;
- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 3 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "И.М. Астафьев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы

Заречное ауылы



Қысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;
- жол;
- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «И.М. Астафьев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L – қашықтық

каулысына 4 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Д.М. Карбышев атындағы Первомай "Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы

Ново-Ильинка ауылы



Қысқартуларға түсінктеме:

км – километр

Шартты белгілер:

- ← - маршрут бағыты;
- - жол;
- - елді мекен;



Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Д.М. Карбышев атындағы Первомай «Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 5 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "А.С. Иванов атындағы Выдриха "Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы

Выдриха ауылы,
мектеп



*L=13 км.




Мековка ауылы

Қыскартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;
- жол;
- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «А.С. Иванов атындағы Выдриха «Жалпы білім беретін орта мектеп-балабаша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L – қашықтық

қаулысына 6 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Мұхтар Әуезов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Кысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;



- жол;



- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «Мұхтар Әуезов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 7 қосымша


Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;

- жол;

- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 8 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Сугатовка "Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Кысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:

- ← - маршрут бағыты;
- - жол;
- - елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «Сугатовка «Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

$*L$ - қашықтық

қаулысына 9 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Убинка жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы

Убинка ауылы




Новая Убинка ауылы,
мектеп

Қысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;
- жол;
- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Убинка жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 10 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "Рулиха жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы


Рулиха станциясы



Қыскартуларға түсінкітеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;
- жол;
- елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Рулиха жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 11 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "Октябрь "Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы

Октябрьское ауылы,
мектеп



Кысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:

- ← - маршрут бағыты;
- — - жол;
- █ - елді мекен;




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «Октябрь «Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 12 қосымша

Шемонаиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің "Камышинка " Жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

км – километр

Шартты белгілер:



- маршрут бағыты;

- жол;

- елді мекен;

- Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім белімінің «Камышинка «Жалпы білім беретін орта мектеп-балабакша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*L - қашықтық

қаулысына 13 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1-тарау. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру үйімі болып табылады.

3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, журу маршрутын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

4. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс

5. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуі кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

6. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

7. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам жүргізеді.

8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заннамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүргүгө;

2) журу маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкеммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуі жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

10. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізуігө отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

11. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және журу бөлігінде болуына жол бермейді.

12. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдастырылған тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

13. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

14. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантауына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) аландарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шыгаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан аланнатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қымыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

16. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шыгару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

17. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстасы тиіс. Тепе-тендікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

18. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда итерісуіне;
- 2) баспалдақтардан секіруіне;
- 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
- 4) жүргінші бөліктің маңында қымыл ойындар ойнауына жол бермейді.

19. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;

2) ұйымдастырылған түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүреді.

2-тарау. Қорытынды ережелер

20. Ауданың шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК